

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: rumman@mail.ru)

Ежелгі түркі жазба ескерткіштеріндегі бірқатар діни тұжырымдарының іске асусы

Андратпа. Түркілердің тілі, тарихы, діні, ділін және басқа да кілт мәселелерді қамтитын ежелгі және орта гасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің түркітануды зерттеуде маңызы зор. Ежелгі түркі мұрасының тасқа қашалып жазылу үлгілері - әлі де сыры толық ашилмаған қазына. Бұл тастардың тарихи-археологиялық құндылығынан бөлеқ, сол дәүірде өмір сүрген түркі халқының рухани мәдениетінен, оның ішінде өмір салтынан, әдет-тұрпынан, діни наным-сенімдерінен де толассыз ақпарат бере алатыны да күмән тұгызбайды. Мақалада да біз сол діни наным-сенімдерінің ажырамас болігі болып саналатын ежелгі түркі қогамында орын алған бірнеше діни концептіні қарастырамыз. Орта гасырлардағы жазылған жазба ескерткіштермен салыстырғанда, ежелгі түркі жазба ескерткіштері түркі қағандары айтпақшы «мәңгі тастарға» негізделеді. Тастанға қашап жазудағы негізгі мақсат та түркі халқына жолданған бұл есиефті үрпактан үрпакқа беру және сақтау болып табылады. Дегенмен, ондаган жүзжылдық тарихы бар ескерткіштерге түсken сыйық пен жырақтар зерттеушілер арасында әртүрлі тұжырым тұгызып, аудармалардың да бірнеше қысқаларының қалыптасуына әсер етті. Ежелгі түркі жазба ескерткіштерін қазақ түркітануында қарастыру барысында ең алдымен Құлтегіннің кіші мен үлкен жазулары, сондай-ақ Тоныкек жазу назарға алынады. Қаганың «Тәңірдей, тәңіріден жаралған» және «Бійкте көк Тәңірі» деп басталатын Құлтегіннің кіші мен үлкен жазуындағы алғашқы жолдарын Жаратушы атымен бастауы да сол кездеңі діннің алатын орнын сипаттайды. Ортағасырлық түркі жазба деректерінде де орын алған «Тәңір» сезі бастауын аталмыш ежелгі түркі еңбектерінен алатының ескеруіміз қажет. Зерттеуде Тәңір, Ұмай, мәңгі, ажал, жаратылыс сияқты концептілер зерделенеді.

Түйін сөздер: түркі, дін, Тәңір, жазба ескерткіш, концепт, ұғым.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2022-139-2-202-211>

Тұсті: 21.01.2022 / Жарияланымға рұқсат етілді: 15.03.2022

Kіріспе

Дүниежүзіндегі басқа халықтар секілді түркілердің де тарихы мен мәдениетінің қалыптасуы ерте заманнан бастау алады. Ежелгі түркілердің тарихы мен тілін, діні мен ділін, ой-санасы мен көзқарасын қамтитын құнды ақпарат сол дәуірде жазылған тас жазбалардан алынады. Ортағасырлық қағаз бетіне түсірілген қолжазбалар секілді ежелгі кездеңі тасқа қашалып жазылған еңбектердің халық болмысы мен тыныс-тіршілігінен сол дәуірден хабар беретін бірден-бір дәлелді де, сенімді дереккоз болып табылатының ескеру қажет. Тасқа қашалып жазылған ежелгі түркі жазба ескерткіштерінің біразы бүгінгі күнге дейін сақталып, өзектілігі мен құндылығын жоғалтпай, әлі де әр түрлі ғылым саласындағы зерттеушілердің зерттеу нысанына айналып отыр. Алайда, ондаган гасырдың ішінде адамдардың тараپынан немесе адамнан тыс жасалған әрекеттердің нәтижесінде тастарда пайда болған сыйаттар мен жарықтар түркітанушы-зерттеушілер арасында күмән тұгызып, тіпті біраз белгілер руналық таңбалар ретінде де қабылданды, ал бұл жағдайдағы зерттеу нәтижелеріне айтарлықтай кері әсерін тигізетін сөзсіз. Қағаз бетіне түсірілген ортағасырлық араб графикалық қолжазбаларындағы сияның тамып кетуі немесе бекте түсken қосымша дақтардан басқа да факторлардың нәтижесінде пайда болған қосымша «нұкте» немесе «сыйық» тәрізді белгілер де зерттеу нәтижелеріне теріс әсер ететіні анық.

Түркітанушы ғалым Ф. Айдаров ежелгі түркі жазба ескерткіштерін «Рұна ескерткіштерінің қатарына VI ғасырдың аяғы мен VII ғасырдың бас кезіндегі Орхон, Селенгі, Тола өзендері мен Минусинск ойпатынан табылған Құтлығ қаған, Білге қаған, Құлтегін, Тонуқуқ, Мойын чор, Суджа және т.б. ескерткіштер жатады» [1, 9 б.] деп, географиялық жағынан Орхон, Селенгі, Тола өзендері мен Минусинск ойпатында сақталған, уақыты жағынан VI ғасырдың аяғы мен VII ғасырдың басын қамтитын, атауы жағынан Білге қаған, Құлтегін, Тонуқуқ, Құтлығ қағандарының жазба ескерткіштері деп топтастырады. Кеңес дәүірінен бастап зерттеле бастаган бұл жазбалар түркітану ғылымында «ежелгі түркі жазбасы», «ежелгі түркі жазба ескерткіштері», «орхон-енисей жазба ескерткіштері», «ежелгі түркі жазбасындағы Енисей ескерткіштері», «ежелгі түркі жазбасындағы Орхон ескерткіштері» және «ежелгі түркі жазбасындағы Талас ескерткіштері» деп аталды. Ұсынылып отырған зерттеудің мақсаты ежелгі түркі жазба ескерткіштеріндегі кілт концептілерді зерделеу. Мақсатқа қол жеткізу үшін бірқатар міндеттер қойылды: ежелгі түркі ескерткіштеріндегі діни концептілерді іздеу; кілт ұғымдарды бір-бірінен ажырату; олардың мәтіндердегі қолданысы мен мағынасын көрсету.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында алға қойылған мақсат-міндеттерді шешу барысында ғылымда бұрынан қалыптасқан негізгі принциптер мен әдіс-тәсілдер қолданылды. Ежелгі түркі ескерткіштеріндегі негізгі діни ұғымдарды зерттеу мақсатында салыстырмалы, салғастырмалы-типологиялық, топтау, түйіндеу, сипаттау, кешенді талдау сияқты әдістер пайдаланылады. Сонымен қатар бұл зерттеуде компоненттік талдау, семантикалық модельдеу, интерпретация және т.с. әдістер мен қатар мәтіндерге текстологиялық, теолингвистикалық түрғыдан, тарихи сабактастық түрғысынан талдаулар жасалады. Сондай-ақ, зерттеу жұмысында анализ-синтез, тарихи-салыстырмалы талдау, феноменологиялық тәсілдер қатар қолданылып, жалпы кешенді пәнаралық зерттеу, т.с.с қағидаттар басшылықта алынады. Зерттеудің негізгі материалдарын Н.Келімбетовтың ежелгі түркі тілінен аудрамалары құрайды.

Талқылау

Түркітану ғылымында ежелгі түркі жазбалары географиялық және тілдік ерекшеліктері жағынан Енисей, Орхон және Талас жазба ескерткіштері болып үш топқа болінеді. Жазба атауларына сәйкес Енисей маңайынан табылған жазбалар – Енисей, Орхон маңайынан табылған жазбалар – Орхон және Талас маңайынан табылған жазбалар – Талас ескерткіштері деп аталады. Ежелгі түркі жазбасын, оның ішінде Енисей жазба ескерткіштері мен олардың тілін зерттеген С. Малов Орхон-енисей ескерткіштерінің тілін сол дәүірде өмір сүрген барлық түркі тайпаларына ортақ, «диалект түрғысынан өзгеше жалпы стандартқа сай, әпітағиялық-руналық тіл» деп сипаттайды [2, 7 б.]. Зерттеуші атап откен түркі тайпаларына ортақ, бір-бірінен диалектісі бойынша ерекшеленетін ежелгі түркі тілі қазіргі түркі тілінде қалыптасқан «Çağdaş Türk Lehceleri» (ауд. қазіргі түркі тілінің диалектілері) лингвистикалық терминдік тіркеспен үштасатын секілді. Бұғынғы Еуразия континентіндегі бірқатар дербес және дербес емес мемлекеттерде шоғырланған түркілер ежелгі дәуірден бүтінгі күнге дейін қызын қыстау құрделі тарихи кезеңдерді басынан кешірді. Сондықтан қазіргі түркі, қазак, өзбек, қыргыз, татар және т.б. түркі тілдерінің бастауы болып табылатын ежелгі түркі тілінің қазіргі түркі халықтары тілдерінің қалыптасуына дейін бірнеше кезеңден өткен табиги үрдіс, сол сияқты түркі халықтары сойлеген тілдің тамырының да ежелгі заманға кететіні анық. Ал жазба тілі ежелгі түркі тайпаларына ортақ түркі тілі руналық немесе орхон-енисей

алфавитіне сүйенді. XX ғасырдың екінші жартысының өзінде И. Батманов «...Енисей ескерткіштерінің әріппердің едәуір архаикалық әртүрлілігін, ал Орхон ескерткіштерінің әріппердің біршама кейінгі әртүрлілігін көрсетеміндегімен байланысты стилистикалық айырмашылықтар гана олардың екі жүз жылга жуық уақыт бойы дамыған бейнесімен сипатталады» [3, 16 б.] (ауд. - А.М.) деп, енисей мен орхон жазуларына тән стилистикалық айырмашылықтарды атап өтті. Ал В. Бартольд бұл ежелгі түркі алфавитінің түркі тіліне, әсіресе ондағы сингармонизм заңдылығына кейіннен пайда болған ұйғыр және араб алфавиттеріне қарағанда әлдеқайда бейім болғанын айтады «...алфавит түркі тіліне, әсіресе сингармонизм заңына оте жақсы бейімделген, осыған байланысты ұйғыр және араб алфавиттеріне қарағанда анағұрлым жетілдірілген болып көрінеді» [4, 6 б.] (ауд. - А.М.). Ал О. Сүлейменов түркі тілінің әдебилігін, құдышреті мен илімділігіне назар аудара отырып, грамматикалық, сол сияқты лексикалық ерекшеліктеріне тоқталады: «VIII ғасырда Орхон мен Енисей жагалауларында салынған алып стелаларға ойып жазылған жазулар қандай керемет әдеби тілді сақтаң қалды! Бұл күшті сезімдерді керемет білдіруге және поэтикалық ойдың ең нәзік нюанстарын жеткізуға қабілетті икемді ері қуатты тіл. ... Ежелгі қошпенілдердің тілі тірі түркі тілдеріне айналғанда, өзінің грамматикалық құрылымы мен лексикалық байлығының барлық сәнімен бүгінгі күнге дейін сақталып келеді!» [5, 41 б.]. Н. Келімбетов ежелгі түркі жазба ескерткіштері туралы сөз қозғағанда, алдымен Орхон ескерткіштерін айтуды жөн көреді: «...Түрік қағанаты (VIII ғасыр) түсінінде өмір сүрген Орхон жазба ескерткіштері ойға оралады. Қазір әдебиеттану ғылымиында қазақ жазба әдебиетінің алғашқы бастаулары руна жазуымен жазылған осы жәдігерліктерден бастау алған деген пікір айтылып жүр. Бұлар – Түрік қағанатының әскери қолбасшысы Құлтегін батыр, оның ағасы Білге қаған және қағанның кеңесшісі данышпан Тоныкек жайындағы жырлар» [6, 13 б.]. Түркі халықтарына ортақ төл туындылардың негізі саналған бұл жазба ескерткіштер арқылы өскелен үрпақ ата-бабасының мәдениетімен барынша толық танысты десек артық айтпағандық болар еді. Бұл жазба ескерткіштерден шежірелерді, салт-сана мен тұрмыс-тіршілік элементтерін байқауға болады.

VI ғасырда қалыптаса бастаған Түркі қағанаты VII ғасырдың аяғына таман Шығыста Қытаймен, ал Батыста Византия және Үндістанмен шекаралас болды. Түркі қағанатының бір жағынан ірі әркениеттердің арасында орналасуы, екінші жағынан Батыс пен Шығысты қосып тұрған Ұлы керуен жолының аумағы арқылы өтуі түркі мемлекетінің стратегиялық тұрғыдан да, сол сияқты географиялық жағынан да маңыздылының арттырды. Тоғыз жолдың торабына айналған қазіргі Қазақстан аумағының Батыс Түркі қағанатының, одан кейін Қарлұқ қағанатының құрамына енүі тек саяси жағынан емес, сонымен қатар экономикалық, әлеуметтік жағынан, әсіресе отырықшылықтың, егін шаруашылығының дамуына, сауданың гүлденуіне, қалалардың салынуына түрткі болды. Қазақстанның Орталық Азияның дала кеңістігінің едәуір болігін алып, ғасырлар бойы тек қошпелі халыққа емес, сондай-ак отырықшы-егін шаруашылығымен айналысқан халықтарға да пана болып, ертеден Батыс пен Шығысты қосатын «көпірдің» де стратегиялық, саяси және экономикалық рөлін ойнауы және т.б. факторлар халықтың дәстүрлі көзқарасының қалыптасуында ерекше рөл атқарды. Зерттеуші К. Торланбаева жорық-шапқыншылықтың жасалуы, жаңа мемлекеттердің құрылуы, халықтардың Ұлы қоныс аударуы, қошпенілдердің миграциялық ағымдары және т.с.с. табиги, саяси, тарихи, экономикалық немесе мәдени үрдістер кез келген мемлекеттің біртұтастығына әсер еткенімен, «...әскери-саяси оқиғалардың ағымында рухани аспект қоғамның мәдени дамуының біртұтас негізі болып қала берді» [7, 99 б.] деп атап көрсетеді. Этнолог Дж. Дреппер өзі жүргізген зерттеу қорытындысына сәйкес, «адам мен қоғамның психофизикалық сипаттамасы тұрып жатқан табиги-климаттық жағдайлардың әсерінен қалыптасады. Мәселен, солтүстік аймақта тұратын тұрғындардың бойшынан сұық климатта өмір сүруге лайықты төзімділік пен конбістіктің (күй талғамаушылық); орталық аймақта

тұратын тұрғындардан қоңыржай климатқа лайықты зияткерліктің, ал оңтүстік аймақ аймақта тұратын тұрғындардан ыстық пен жылы ауа райы жағдайына байланысты наным-сенім мен руханилықтың белгілерін көрүте болады» [8, 66 б.] дейді. Қазақ халқында «Ұлы жүзді қолына қауға беріп малға қой, Орта жүзді қамшы беріп дауга қой, Кіші жүзді наиза беріп жауға қой» деген сөз бар. Үш жүздің көбіне аймақ-аймақ бойынша шоғырланып орналасқанын ескерсек, бұл асыл сөздің төркіні этнолог-ғалымның тұжырымымен ұштасатын тәрізді. Осындағы ауа райының ыстық, сұық, қоңыржай температурасында өмір сүрген қазақ халқының дүниетанымы, әсіресе ежелгі түркі ескерткіштерінің бір тобы табылған оңтүстік – Талас өңірінде қалыптасқан дәстүрлі көзқарас жергілікті халықтың діни наным-сенімдерінің күштілігімен ерекшеленеді. Қазақстан аумағында өмір сүрген Батыс Түркі қағанатының ежелгі түркілерінде Көкке (аспанға) табыну дәстүрінің әлі күнге дейін сақталғанын зерттеуші Г. Елеуkenova «этностиң генетикалық жадының, яғни генетикалық аспектіде есте сақтау қабілетінің күштілігімен, жогары деңгейімен» түсіндіреді [8, 66 б.]. Ежелгі түркілердің, әсіресе қазіргі Қазақстан аумағын мекендейген түркілердің дәстүрлі көзқарасының қалыптасуына жерінің кең байтақ дала ландшафтында орналасауы, мал шаруашылығымен айналысу, көшпелі өмір салтын ұстану, діни практикамен айналысу және т.с. факторлар әсер етті. Сонымен қатар ежелгі түркі өркениетінің, көзқарасының қалыптасуы олардың сақ, ғұндармен тарихи-мәдени байланыстарының болуымен ерекшеленеді. Түркілердің Жаратушы ретінде Көк-Тәңірge құлшылық жасап, жер-су, тау-қырат, аспан денелері, ағаш сияқты табиғат нысандарына тағзым етуі ежелгі Орхон, Енисей немесе Талас ескерткіштерінен бірден байқалады. Мысалы, түркілер Алтайдағы «қасиетті» деп танылған тауларға құлшылық жасаған. Әдебиеттанушы-ғалым М. Баҳтиң ежелгі халықтардың мифологиясын зерттеп, олардың дәстүрлі көзқарасын сол дәүірдегі «ғарыштық қорқыныш» ұғымына назар аудара отырып зерделеуге болатынын айтады. Мәселен, ғалымның зерттеуіне сәйкес, ежелгі халықтар аумағы жағынан ұлкен, қуаты жағынан күшті болып табылатын кез келген объектілерден (жұлдызды аспан, таулар, теңіз болсын) сескенетін болған [9, 37 б.].

Нәтижелер

Ежелгі түркі жазуларындағы дәстүрлі дүниетаным бойынша қарастырылатын ұғымдарға космогониялық, кеңістік, уақыт түсініктері жатады. Білге қағанның түсінігіне сәйкес, дүние пайда болғаннан кейін, адамдардың ішінде алдымен түркілер пайда болды, яғни адамның адамы ретінде Тәңірден – аспаннан көк түркілер жаратылып, адам ұрпақтарын билеуді міндет етіп алды. Ежелгі түркі халқына Аспан – әке болса, Жер (Ұмай) – ана болды, біріншісі екіншісін қуаттандыру арқылы көгеріп, көктеп өрбіді. Ал кеңістікке байланысты көзқарастары адамдық бағалаушылық, мазмұнға бай болды, әсіресе ел қағандары Аспанның ұлдары, оның нұрынан жаралғандар ретінде қабылданды. «Адам ұлдарының үстіне отырдым» деген дастан жолы да Тәңірден жаратылған қағанның елін билеуін білдіреді. Ежелгі түркі дүниетанымда «үстіне отырдым» деген ұғым елге қызмет ету емес, бағындыру, одан кейін ел жасау магынасын білдіреді. Сол сияқты «... тәтті создерімен, асыл тастарымен алыс жүрттарды Табғаш халқы соншалықты қызықтырыды. Оларға жақын мекендеймін деп тек азғындыққа аппаратын білімдерді үйрендің» немесе «тәтті создерге, асыл тастарға елігіп, сен көп қырылдың» деп, материалдық байлыққа азғындалып, шашырап кеткен түркілерді біріктіріп, кобейтіп, ел жасаған қағанның халқына қалдырган осиеті тасқа қашалып жазылған ескерткішке айналды. Соншалықты қорғаштауға ұмтылған қаған «Айттар сөзімді мәңгі тасқа қашаттым. Соған қарап біліп жүріндер, түркі халықтары мен бектер! Таққа жүгінген бектер, сендер адасуга бейімсіндер! Мен мәңгі тас ескерткіш орнаттым...» деп, қолбасшыларының таққа ұмтылыштарын, дұрыс жолдан таюға бейім болғандарын жырлаған секілді.

«Әке» рөліндегі Тәңір де (немесе аспан), «ана» рөліндегі Ұмай да ежелгі түркілерде қалыптасқан «ұштік дүниетанымның» ақырамас бөлігі. «Тәңір-Адам-Жер» концепциясы бойынша соңғысы Жер немесе Жер-Суға да түркілер құлшылық жасап, ежелгі халықтар табиғатта болып жатқан наизагайдың жарқылдауы, жауын-шашынның түсі, күннің күркіреуі және т.с. әр түрлі табиғи құбылыстарды Жаратушының іс-әрекеті, тіпті қуануы немесе қаһарлануы деп қабылдаған. Жер-су Отан немесе территория ретінде келесі жолдардан да орын алады:

Атамыз, бабамыз ұстаган
Жер-су иесіз болмасын деп...
Көгмен жер-суга иесіз қалмасын дедік [10, 87 б.]

Үшінші философиялық-діни қозқарастың аспектісі адам мен оның жаратылышына байланысты айтылады. Мысалы, Құлтегін «Жоғарыда Кек Тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған» деп жырласа, қалыптасқан дүниетаным да «адамның Кек-Тәңірдің қалауымен Кек-бөріден тарағанын» алдыға тартады. Түркілердің пайымдауынша, дүниежүзі мен адамның жаратылышы белгілі бір хронологиялық реттілікпен пайда болған. Алдымен кек аспан, одан кейін қара жер, содан кейін адам зат жаратылып, билеуші ретінде қағандар тағайындалды. Кек аспанды жоғары жаратушы күш ретінде адамдардың (нақты адамның да), қағандардың, қоғамның және елдің тағдырын шешетін Тәңірмен (Тенгри) байланыстырыды. Адамды, сол сияқты мемлекетті билейтін қағанды Тәңірі немесе Тәңір тағайындаиды. Құлтегін жазба ескерткішіндегі жазу да оған дәлел: «Әлемнің көгінде аспан, астында қоңыр жер пайда болғанда, осы екеуінің арасында адам баласы жаратылды. Адам баласының үстінен менің бабаларым Бұмын қаған мен Истеми қаған билік жүргізді. Таққа отырған олар өз мемлекеттің қорғап, Түркі зандарын шығарып, бекітті». Сол сияқты Білге қағанның да жазба ескерткішінде «Түркі халқы жойылmasын, ел болсын! Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбілге қатынды Тәңірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен, мені қаған етіп отырғызыған екен», – деп елінің мемлекет болуын тілей отырып, Тәңірдің қағанды тағайындаитынын айтады. Тәуелсіз Қазақстан рәміздерінің бірі – туының негізгі болігі кек түспен берілген. Сол сияқты халық арасында тікелей Кек аспанды менземесе де, әлі де «Тәңір жарылқасын», «Жаратушы Тәңірім», «Тәңірім қолдасын» сияқты ұғымдар араб тілінен енген «Алла», парсы тілінен енген «Құдай» сөзімен алмастырылып қолданылады. Ежелгі түркі қозқарасында негізінен ұш құдайдың: Кек Тәңірі, Жер-Су және Ұмай-ананың болғандығын көреміз, олар Тонықек құрметіне жасалған ескерткіш мәтінінде билай суреттелген: «Кек Тәңірі, Ұмай (Құдай), қасиетті Жер-су, міне, осылар бізге женіс сыйлаған екен». Қазақстанда, тіпті Алтай жақта тұратын түркілердің арасында әлі күнге дейін әйел құдай – әйел мен бала жебеушісі – Ұмай ананы қастерлеп, оған тағым ететіндер бар. Екінші жағынан, ғұл жерде көне түркі мәдениетіндегі «ұштік дүниетанымын» (Тәңір, Адам және Жер), сондай-ақ Ұмай ананың «адам» орнындағы рөлін анық байқауға болады. Ғұл ұштіктің үстем қыры Тәңір немесе Тәңірі – субстанциялық ұғым, сондықтан фетишизмдік, мифологиялық немесе пайғамбарлық емес, кеңістік, нақты айтқанда Кек аспанмен бейнеленген. Көне түркілер дәуірінде қасиетті Жер-Су, Жер, Жерүйік ұғымдарына аса қатты мән берілгені анық. Ғұл жерде Ұмай – Жер-Ананың жалпылама атаяу. Құлтегінің үлкен жазуында Ұмай келесі жолдарда орын алады:

Әкем қаған олгенде
Інім Құлтегін жеті жаста қалды.
Он жаста Ұмай текті шешемнің бағына
Інім Құлтегін ер атанды [10, 90 б.]

Ежелгі түркі философиялық-діни қозқарасының мәңгілік идеясының ақырамас бір болігі - Тәңір концептісі. Құлтегінің кіші жазуы да «Тәңіріде, тәңіріден жаралған Түрк білге

қаған», үлкен жазуы да «Биікте көк Тәнірі, Төменде қара жер жаралғанда» деп алғашқы жолдарын «Тәнір» сөзімен бастайды [11, 171-175 б.]. Жаратушының орны мен маңызы, әсіресе Оның жазғаны мен бұйырғаны туралы сөз қозғалуы барысында келесі жолдарды байқауға болады: Тонықекте «Тәнірі былай деген екен: Хан бердім, Ханыңды тастап, бағындың, Бағынғаның үшін басқаға, Тәнірі сені өлімші етті, Түркі халқы қырылды. Әлсіреді, жойылды» [10, 107 б.]; «Әскері үш мың екен, Біз екі мың едік, Соғыстық, Тәнірі жарылқады, жендік» [10, б. 110]; Құлтегінде «Көтерген Тәнірі, Ел берген Тәнірі, Түркі халқының атақ-даңқы өшпесін деп, (Мені) қаған (етіп) отырғызған еді» [10, 89 б.]; «Тәнірі жарылқағандықтан, Өзімнің бақыттым бар болғандықтан, Қаған отырдым» [10, 81 б.] немесе «Тәнірі қуат берген соң, Әкем қағаниң әскері борідей бопты, Ілгері-кейін аттанып, жинапты, көтеріпти» [10, 85 б.].

Құлтегінде жаратылыс идеясы «Биікте Көк Тәнірі, Төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бумын қаған, Иstemі қаған отырған» [10, 83 б.], «ажал» сияқты концептілер де айтылады: Құлтегіндегі «Түркі халқы: «Қырылайық, жойылайық» – десті, Ажалға жылжы бастады, Көктө түрк тәнірісі» [10, 85 б.]; «Тағдырды Тәнірі жасар, Адам баласы бәрі өлгелі туган» [10, 95 б.]; тағдыр «Тәнірі жарылқағандықтан, Өзімнің бақыттым бар болғандықтан, Қаған отырдым» [10, 81 б.]; «Тәнірі қуат берген соң» [10, 85 б.].

Түркілердің философиялық-діни көзқарасындағы «Тәнір-Адам-Жер» концепциясының «адам» концептісінің тағы бір қыры – олардың (туркілердің) еліне деген құрметі, мәселен, өздері құрған мемлекетті «Мәңгі ел» деп атап, оның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін жоғары қойды. Қазіргі таңда қазақ елін қайта жаңғырту үшін ұсынылған «Мәңгілік ел» идеясының өзі де, мәні мен мазмұны да тарихымыздың терең қойнауында жатқаны, атап айтқанда, ежелгі Түркі қағанаты тұсындағы үш қағаниң қеңесшісі Тонықектен бастау алғаны белгілі. Иоллығегін қағаниң «Тұтас түркі елі», Құлтегін қағаниң халқының бірлігін сақтау мақсатында Қапаған қағаниң басын алғып: «Бек ұлдарың құл болды, Пәк қыздарың құң болды. ... Түрік, оғыз бектері, халқы, тыңдаңдар! Биіктен тәнірі баспаса, Төменде жер айналмаса, Түрік халқы, ел-жұртыңды кім қорғайды?» деп, халқына тасқа қашап «өз жолдауын» қалдырған болатын. Жазбаларда ежелгі түркі қағаны «Барлық сөзімді айттар, Мәңгі тасқа бастым. ... Мен мәңгі тас. Табғаш қағаннан бәдізші алдырдым, жазу жазғыздым. Менің сөзімді бұзбады. Табғаш қағаны ішкі өңірден бәдізшілерін жіберді. Оларға бөлекші мазар салдырдым, Іши-тысына жазу жазғыздым, тас қалаттым. Қоңылдегі сөзімді. Он оқ ұлдарына, таттарға дейін, Бұңы көріп, біліңдер. Мәңгі тас қалаттым» [10, 81 б.] деп, «мәңгі тасқа бастым», «мен мәңгі тас», «жазу жазғыздым», «тас қалаттым» және «мәңгі тас қалаттым» деп түркі халқына жолдаған өсietiнің мақсаты да тасқа қашалып жазылуы арқылы мәңгі сақталуында болды. Қазіргі таңдағы «түркі әлемі», «түркі дүниесі», «түркі халықтары», «түркі тілдері» сияқты ұғымдар Құлтегін армандаған біртұтастылық пен бірліктің толығымен болмаса да, біразының жүзеге асқанын көрсетіп отырған сияқты. Түркілердің «Мәңгі тастары» әлі де зерттеушілердің назарын аударып, зерттеу нысанына айналуын жалғастыруда. «Мәңгілік» ұғымының маңыздылығы ежелгі түркілер арасында пайда болған «Мәңгілік ел» (ежелгі түркі жазбаларында «Бенғұ ел» – ауд. Мәңгі ел) идеясымен жалғасып, келер үрпаққа өсietiнде қалдырған мұрасының да мәңгілік болуын мақсат еткен түркілер жазуларын тасқа қашап жазған. Құлтегін ежелгі түркі жазуында «Өтүкен қойнауында отырсаң, Мәңгі елдігінді сақтайсың сен» [10, 81 б.] деп бекер айттылmasa керек. Сонымен мәңгі елді армандаған түркілер мемлекеттің іргетасын мәңгілік етуімен қатар, келер үрпаққа мәңгігіне қалдыру мақсатында өсietiн «мәңгі тастарға» (ежелгі түркі тілінде «Бенғұ таш» – ауд. Мәңгі тас) қашап жазған. Қағанат билеушілері үшін тастың мәңгілігі, яғни материалдық тұсы емес, рухани тұсы – тасқа жазылған өсiettiң мәңгілігі маңызды болды.

Қорытынды

Ежелгі түркі жазба ескерткіштеріндегі діни концептілердің ішінде бірқатары қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында сақталып, сематикалық өрісіне қарай мағынасы кеңейіп немесе керісінше тарланып қолданылуда. Бұл ескерткіштердегі діни ұғымдардың негізін құрайтын «Тәңір» концептісі алғашқы рет «Аспан», «Кек» деп аударылып, бірқатар еңбектерде әлі де сол күйінде қалған. Алайда бұл жазба еңбектермен танысу мен оларды зерделеу нәтижесінде «Тәңір» ұғымының Жаратушы ретінде, яғни арабтарда «Аллаһ», «Раб», парсыларда «Құдай» ретінде орын алып, ал қазақтарда үшеуінің де қат-ар қолданысын айта аламыз: «Алла сақтасын», «Құдай сақтасын» және «Тәңір сақтасын». Қазақ діни философиясы мен теолингвистикасында «Алла», «Құдай» мен «Тәңір» концептілері бір-бірімен алмасып, «Жаратушы» мағынасында қолданылады. Түркі жазба ескерткіштеріндегі діни концепциясында орын алған Жер-су, Жер ана немесе Ұмай ана да қазірдің өзінде бірқатар түркі қоғамында жердің және «ана мен бала қорғаушысы» ретінде қабылданады. Ежелгі түркі қоғамында Жаратушының мәңгілімен қоса, елдің, тастың да мәңгілігі қарастырылатын, мәселен, «Мәңті ел», «мәңті тас», «мәңті көк тауы» және т.с. Сонымен қатар қағанат билігі тузындағы түркілер адам, оның болмысы, өмірі мен ажалы, өмірге келуі мен кетуі, тағдыры сияқты діни мәселелерге де мән берген.

Қаржыландыру

Бұл жұмыс КР БжFM гранттық қаржыландыруымен АР09260492 «Қазақ және ұнды халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы рухани негіздер (діни-философиялық синкретизм)» гылыми жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Айдаров Ф. Білге қаған ескерткішінің тілі / Ф. Айдаров. – Алматы: Мектеп, 1986. – 182 б.
2. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков / С.Е. Малов. – Москва: Издательство АН СССР, 1952. – 118 с.
3. Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности / И.А. Батманов. – Фрунзе: Изд-во Акад. Наук Киргизск. ССР, 1959. – 220 с.
4. Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. Конспект лекций / В.В. Бартольд. – Ташкент: Казахский высш. педагогич. ин-т, 1928. – 36 с.
5. Сулейменов О. Эссе, публицистика. Стихи, поэмы. Азия / О. Сулейменов. – Алма-Ата: Жалын, 1990. – 592 с.
6. Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастыры. Монография / Н. Келімбетов. – Алматы: Ғылым баспасы, 1998. – 116 б.
7. Торланбаева К.У. Синкретизм – основа религиозных воззрений народов Центральной Азии // Материалы международной научной конференции «Роль степных городов в цивилизацииnomadov», посвященной 10-летнему юбилею г. Астана, 2 июля 2008 г. – Астана, 2008. – 520 с.
8. Елеуkenова Г.Ш. Туркские корни казахской литературы // Общественно-политический литературно-художественный журнал «Евразия». – 2002. – № 1. – С. 64-70.
9. Бахтин М.М. Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и Ренессанса / М.М. Бахтин. – Москва: Художественная литература, 1990. – 543 с.

10. Келімбетов Н. Тұркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері: Хрестоматия / Н. Келімбетов. – Алматы: Раритет, 2019. – 904 б.
11. Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштерінің мәтіні. Орхонские надписи. Кюль-Тегин, Билге-Каган и Тоньюокук / М. Жолдасбеков. – Семей: Международный клуб «Абая», 2001. – 252 с.

A.A. Mustafaeva

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**Функционирование некоторых религиозных концептов
в древнетюркских письменных памятниках**

Аннотация. Древние и средневековые тюркские памятники, затрагивающие язык, историю, религию, менталитет и другие ключевые вопросы тюркских народов, имеют важное значение в тюркологии. Выгравированные на камне образцы древнетюркского наследия - это целое сокровище, которое еще полностью не изучено. Помимо исторической и археологической ценности этих камней, нет сомнения в том, что они могут предоставить информацию о духовной культуре тюркских народов того времени, включая их образ жизни, обычаи и религиозные верования. В этой статье мы рассмотрим ряд религиозных концептов, существовавших в древнетюркском обществе и являющихся неотъемлемой частью его религиозных верований. По сравнению со средневековыми письменными памятниками, древнетюркские надписи основаны на «вечных камнях» тюркских каганов. Основная цель написания на камнях - передать из поколения в поколение и сохранить данное послание, адресованное тюркским народам. Однако появившиеся трещины на памятниках привели исследователей к разным выводам, а также способствовали формированию нескольких версий переводов. При изучении древнетюркских памятников в казахстанской тюркологии в первую очередь во внимание берутся малая и большая надписи в честь Культегина, а также надпись в честь Тоньюокука. Значимость религии подчеркивается в первых строках двух надписей Культегин кагана, которые начинаются именами Создателя «Тенгри подобный и Тенгри рожденный» и «Когда вверху голубое небо». Следует отметить, что слово «Тенгри», которое также встречается в средневековых тюркских первоисточниках, восходит именно к древнетюркским сочинениям. В исследовании изучаются такие понятия, как Тенгри, Умай, вечность, смерть, натура человечества.

Ключевые слова: тюркский, религия, Тенгри, письменный памятник, концепт, понятие.

A.A. Mustafayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Functioning of some religious concepts in the ancient Turkic written monuments

Abstract. The Ancient and medieval Turkic monuments affecting language, history, religion, mentality, and other key issues of the Turkic peoples have great importance in the Turkic studies. The samples of the ancient Turkic heritage engraved on the stone represents a whole treasure that

has not yet been fully explored. In addition to the historical and archaeological value of these stones, there is no doubt that they can provide information about the spiritual culture of the Turkic peoples of that time, including their way of life, customs, and religious beliefs. The article considers several religious concepts that existed in the ancient Turkic society. They are an integral part of its religious beliefs. Compared to the medieval written monuments, ancient Turkic inscriptions are based on the "eternal stones" of the Turkic kagans. The main purpose of writing on stones is to pass on from generation to generation and preserve this message addressed to the Turkic peoples. However, the cracks that appeared on the sites led researchers to different conclusions, and also contributed to the formation of several versions of the translations. When studying the ancient Turkic monuments in Kazakh Turkology, first of all, the article considers the small and large inscriptions in honor of Kultegin, as well as the inscription in honor of Tonyukuk. The significance of the religion is described in the first lines of the two inscriptions of Kultegin, where the kagan begins with the name of the Creator "Tengri like and Tengri born" and "When the blue sky is above" (in the meaning Tengri). It should be noted that the word "Tengri", which is also found in the medieval Turkic sources, goes back precisely to the ancient Turkic writings. The study examines concepts such as Tengri, Umai, eternity, death, and the nature of humanity.

Keywords: Turkic, religion, Tengri, written monument, concept, meaning

References

1. Ajdarov G. Bilge qagan eskertkishinin tili [The language of the monument to the Bilge Kagan], (Mektep, Almaty, 1986, 182 p.), [in Kazakh].
2. Malov S.E. Enisejskaya pis'mennost' tyurkov [Yenisei written language of the Turks], (Izdatel'stvo AN SSSR, Moscow, 1952, 118 p.), [in Russian].
3. Batmanov I.A. Yazyk enisejskih pamyatnikov drevnetyurkskoj pis'mennosti [Language of the Yenisei monuments of ancient Turkic writing], (Izd-vo Akad. Nauk Kirgizsk SSR, Frunze, 1959, 220 p.), [in Russian].
4. Bartol'd V.V. Istoriya turecko-mongol'skih narodov. Konspekt lekcij [History of the Turkish-Mongolian Peoples. Summary of lectures], (Kazakskij Vyssh. Pedagogich. Inst., 1928. – 36 s.), [in Russian].
5. Sulejmenov O. Esse, publicistika. Stihi, poemy. AziYA [Essays, journalism. Poems, poems. AsiYa], (ZHalyn, Alma-Ata, 1990, 592 p.), [in Russian].
6. Kelimbetov N. Ezhelgi turki poeziyasы zhane qazaq adebietindegi dastur zhalgastygy. Monografiya [Ancient Turkic Poetry and Continuity of Traditions in Kazakh Literature. Monograph], (Gylym baspasy, Almaty, 1998, 116 p.), [in Kazakh].
7. Torlanbaeva K.U. Sinkretizm – osnova religioznyh vozzrenij narodov Central'noj Azii. Materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii «Rol' stepnyh gorodov v civilizacii nomadov», posvyashchennoj 10-letnemu yubileyu g. Astana, 2 iyulya 2008 g [Syncretism - the basis of religious beliefs of the peoples of Central Asia. Materials of the International Scientific Conference "The role of steppe cities in the civilization of the nomads", dedicated to the 10th anniversary of Astana, July 2, 2008.], (Astana, 2008, 520 p.), [in Russian].
8. Eleukenova G.SH. Tyurkskie korni kazahskoj literatury. Obshchestvenno-politicheskij literaturno-hudozhestvennyj zhurnal Evraziya [The Turkic roots of Kazakh literature. Socio-political literary and art magazine "Eurasia"]. 2002. No. 1. P. 64-70, [in Russian].